

қолы ісініп, бұралып жатқандардың талайын көрдім сол қыста. Бірдеме берсең алады, жейді. Өңменіңнен өтер өткір көзін бірдемеге мағынасыз қадап жата береді. Бұл не нәрсе, Тулан? Ерлік пе? Әлде ездiк пе?»

Қазақтың даласындағы ашаршылық нәубетіне тап келген мезгіл жазушы шығармасында боранды қыспен қатарлас келеді. Аштық елдің есінде қалған мезгіл даласы куә болған ақиқат.

Мезгіл даласының мінезі қаншалықты құбылса, жазушы кейіпкері Мезгілдің де тағдыры соншалық құбылмалы. Әкеден айырылған Мезгілдің бар сүйеніші, қамқоры, тірегі – анасы Бибігүл. Мезгілдің қапыда шарпитын өртін, қысында қусыратын боранын көрген бала Мезгілге жер-ананы бусандыра келген көктемді қызығын аяғандай. Жазушы табиғат мінезіне салып, кейіпкерін қаншама аяғанымен, тағдыр аяусыздық танытқандай. Енді жесір қалған өгей ана Садырдың еншісінде.

Қызғаныштан қызыл өрт жұтқандай, сабырсыздықтан борандай ұлыған Мезгілдің жалғыз жарығы анасы Бибігүлмен тірідей айырылсуы. Садырдың алдында ер мінезі, ер жүректігін мойытқысы келмеген Мезгіл де кең даладай тәккаппар-ақ. Анасын қаншалықты қадірлеп сағынса да бозбала Мезгіл сол мезгіл даласындай жіби қоймайды. Жігіт ағасы Мезгілдің жүрегінде бір нұрлы шуақ – мезгіл шілдесінде кең далада ойнақтаған көгілжім сағымдай орын тепкен.

«Соны ойлағанда жаманның бәрі ұмыт болады да, дүние енді нұрлы, ыстық, жарқын жағымен көз алдына ұлғая сыландайды. Сондай сәтте адам өзінің адамдық махаббатын берген, мейірімін салған, қымбат та қимас, аяулы деген жандарын іздейді. Солардың болашақ тілеуін тілейді. Соған қызыға, қызғана қарайды».

Анасына асыққан Мезгіл де, тал мен талды, сағым мен сағымды қуалаған мезгіл желі де жолға аттанған жолаушыдай қатар желіп, қатар жарысады. Ауру анасына шипа болған Мезгіл де, даланың адуын мінезіне тиек болған мезгіл де хикая соңында ардақты анамен қауышады. Осылайша туындының өн бойында адам мінезі табиғаттан бір елі ажырымайды. Бұл жазушы Сафуан Шаймерденовтің көркемсөзді табиғатпен, табиғатты көркемсөзбен табыстыра алған, таныстыра білген шеберлігінде.

Қазақ әдебиетіне 50-ші жылдары келген тегеурінді толқынның алдыңғы сапында болған Сафуан Шаймерденов қазақ прозасына психологиялық қатпары мол, реалистік көркем дүниелерімен қайталанбас қол таңбасын қалдырды. Сөз зергері, психологиялық прозаның хас шебері Сафуан Шаймерденовтің көркем туындылары халқымен бірге жасай берері сөзсіз.

1. Шаймерденов С. 4-томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1996. – Т. 1. – 5 б.

2. Грехнев В.А. Словесный образ и художественное произведение. С. 33.

3. Шаймерденов С. Ағалардың алақаны. – Алматы: Жазушы, 1990. – 28-29 бб.

4. Хализев В.Е. Теория литературы, Москва: Высшая школа, 1999. – С. 21.

5. Шаймерденов С. Битабар балуан. – Алматы: Атамұра, 2004. – 5 б.

6. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 169 б.

7. Павлова О.А. Основы теории литературы: Учебно-методическое пособие. — Волгоград: Изд-во ВолГУ, 1999. — 64 с.

\*\*\*

Автор статьи анализирует творческую мастерскую писателя Сафуана Шаймерденова. Раскрывается мастерство писателя на примере повести «Мезгил».

*Л. Е. Сапартаева*

## **I. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ХАЛЫҚТЫҚ ДӘСТҮРДЕГІ КӨРКЕМДІК НАҚЫШТАР**

Өз шығармаларында ұлттық болмысты халықтық дәстүр негізінде таныту жолында тың ізденістерге барған ақын Ілияс Жансүгіров ана тіліміздің игерілмей жатқан мол көркемдік мүмкіндіктерін ашты. Туған халқының тіліндегі көркем ойға тән икемділігін шыңдауда, оның

терең сырлы тұңғықтарына үнілуде көрегендікпен көсемдік танытып, артына өлмес өнеге қалдырған І.Жансүгіров әдебиетіміздің қоржынын толтыруға қомақты үлес қосты.

Шығармашылық ғұмырында ұлттық әдебиетіміздің бүгінгідей қарышты дамуына кең

өріс ашқан арқалы ақын І.Жансүгіров – ұлттық көркем ойды сондан барлап, тыңнан жол тартқан әдебиет алыптарының бірі. Халық қазынасын шығармашылық жолмен пайдалана білуі, оның жалпы халықтығы мен ұлттық бояу-бедері Илияс поэзиясының ерекше күші мен әсем әуезділігін паш етеді. Өз туындыларында табиғат, өмір құбылыстарына лайық бейнелі сөз, балама сурет тауып, ойды айшықтап, көркем жеткізе білген ақын халқының ғасырлар бойы жасап келген ұланғайыр мұрасын бойына сіңіріп, терең меңгерген. Оның шығармашылығында көп кездесетін халықтық поэзияның даму жолында сұрыпталған үлгілерінің әуені мен ырғағындағы әр алуан құбылыстар, ұтқыр сөз қолданысы, бейнелегіш тәсілдер бұған айқын дәлел.

Илияс поэзиясында халықтық дәстүрде жасалған теңеу, эпитет, метафоралар өте мол. Туған халқының фольклорлық мұрасын бүкіл шығармашылық ғұмырында жанына жақын тұтқан ақын халық ұғымына қонымды теңеуді, көркем ой өрнектерін шебер қиюластырады.

Әдеби тіліміздегі басты құбылтулардың бірі – метафора, яғни ауыстыру. Белгілі ғалым З.Қабдолов метафораға «...сөз мәнін өңдендіре өзгертіп айту, суреттеліп отырған затты не құбылысты айқындай, ажарландыра түсу үшін оларды өздеріне ұқсас өзге затқа не құбылысқа балау; сөйтіп суреттеліп отырған заттың не құбылыстың мағынасын үстеу мазмұнын тереңдетіп, әсерін күшейту» [3, 219] деген анықтама береді.

Көркем шығармаға әр беретін көріктеу тәсілінің бұл түрі де Илияс поэзиясында көрініс тапқан. Ақын:

Түлкі қыз қызыл алтай, кер марал қыз,  
Ақ қоян, бозша байтал, ақша нар қыз.  
Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға  
Жігіттер, бәріңіз де-ақ сұқтанарсыз [2, 230]

деген өлең жолдарында сұлу қызды көшпелі қазақ тұрмысында маңызды орын алатын алтайы түлкіге, кер маралға, ақ қоянға, ақша нарға, бозша байталға балайды.

Халқымның қуанышты бұлбұлмын,  
Жұртымның жүйрігінің дүлдүлімін...  
Шат елдің шешенімін, даңғылымын,  
Шыным сол, правом бұл, заңды мұным [2, 273]

деген шумақта ақын өзін *бұлбұл*, *дүлдүл*, *шешен* сынды поэзияда жиі қолданылатын дәстүрлі образдарға балайды.

«Құлагер» поэмасында Ақан сері өмір сүрген заманды оқырманға дәл, анық және көркем жеткізу үшін Илияс балама образдармен суреттейді:

Заманда сонау сарсаң Ақан тұрған,  
Ол заман – ерге тұсау, зорға думан.

Жалмап жеп айналасын аш кенедей,  
Семірген жұрт қанына нелер жуан.  
Хан қабан – халық құлағын бұрап тұрған,  
Бүйі би – билеп-төстеп сұрап тұрған.  
Қор қылып ақ алмасты отқа көсеп,

Жүз-жүз жар теңін таппай жылап тұрған [2, 276],-

дегенде Ақан заманын *ерге тұсау*, *жуандарға думан деп суреттеп*, *ханды қабанға*, *биді бүйіге* балап, сол кезеңнің әлеуметтік тынысын дөп басады.

Сөз маржанын меруерттей тізіп, оқушысының сезімін тербеу арқылы өз ойын барынша көрікті, мейлінше мәнерлі түрде беруді көздеген ақын шығармаларынан көркемдік тәсілдің кең тараған түрі – эпитетті де көп кездестіреміз. Осы орайда тағы да З.Ахметовтің эпитетке берген анықтамасына тоқталайық: «Эпитет – заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді. ...Поэзияда әр ақынның өз қолтаңбасын танытатын әсерлі, күрделі эпитеттер мол кездеседі. Мысалы, «Күйші» поэмасында Илияс күйді алуан түрлі эпитеттермен сипаттайды. Жалынды күй, сарынды күй, ыңыранған күй, ырғалған күй, жынданған күй, жандырған күй, жылатқан күй, жұбатқан күй, жорға күй, тәтті күй, шерлі күй деген сияқты ондаған сөз тіркесіндегі эпитеттер мейлінше мағыналы, әсерлі келеді» [1, 233].

Ақынның «Күй», «Күйші» поэмаларында дәстүрлі эпитеттермен бірге төл көркемдігімен берген эпитеттер қатары мол кездеседі. Атынан белгілі негізгі идеясы күй мен оның жеткізушісі хақындағы бұл шығармаларда «күй» деген сөздің өзіне тоқсанға жуық эпитет беріледі.

*Зарлы күй*, *әсем күй*, *жаңа күй*, *көне күй*, *шерлі күй* секілді келетін тіркестерде күй мен оның әуеніне қатысты үйреншікті эпитеттер берілген болса, ақынның шығарма кейіпкерлерінің әр түрлі жағдайларға қатысты күйді де құбылтуына қарай *жорға күй*, *жынды күй*, *жалынды күй*, *бебеу күй*, *паң күй*, *долы күй*, *сергек күй*, *бұлбұл күй*, *бота күй*, *батыр күй*, т.б. секілді эпитеттер одан да көп кездеседі.

І. Жансүгіров поэзиясында ұлттық бояуы қанық, қалыптасқан эпитеттер, әсіресе, ару қыздың бейнесін жасауда көп кездеседі. Мысалы:

Ақ тамақ, алма бетті арулар жүр,  
Қыдыртқан бақалшылар сабыншықтай [2, 286]  
немесе

Қыр мұрын, қыпша белді, қиған қасы,  
Ақ маңдай, қас бігісі қып-қиғашы.  
Ақ жүзі, оймақ аузы, күлім көзі,  
Білектей қап-қара боп өрген шашы,  
Ақ иек, кірсіз тісі, кірпіктері,  
Екі елі мөлдір көздің екі арасы [2, 23].

Бұл жолдардағы *ақ тамақ*, *алма бет*, *қыр мұрын*, *қыпша бел*, *оймақ ауыз*, *күлім көз*,

*білектей шаш, мөлдір көз* деген эпитеттер сонау ауыз әдебиеті мұраларынан бері қолданылып келе жатқан халықтық тіркестер. Ақынның:

Көргенде күйелі төс, күсті білек,  
Тапқандай жаңа бауыр, жаңа тілек.  
Жылы қан улы бойда шым-шым қайнап,  
Сауығып сала берген дертті жүрек [2, 221]

деген шумағындағы *күйелі төс, күсті білек, жаңа бауыр, жаңа тілек, жылы қан, дертті жүрек* тіркестері айтайын деген ойға образдылық мән үстеп тұр.

Адамның жан дүниесін тебіrentіп, өмірді терең барлауға баулитын Ілияс Жансүгіров поэзиясында образды айқындап, оны әр қырынан танытатын көріктеу құралы – эпитет арқылы оқырмандарына айтар ойын көркем өрнектеді.

Құбылысты басқа нәрсемен салыстыру арқылы сипаттау тәсілі болып табылатын теңеулерді Ілияс Жансүгіров поэзиясынан көп кездестіреміз.

Белгілі әдебиеттанушы ғалым З.Ахметов: «Әдетте теңеу туралы сөз болғанда, салыстыру үшін не нәрсе алынады, қандай нәрсемен салыстырылады, соған көп мән беріледі... Екі нәрсені теңестіруден, олардан ортақ сипат-белгі табудан қандай мағына туып, қандай ой аңғарылады, қандай сезім-әсер жалғастығы (ассоциация) пайда болады – міне, осы толық ескерілуі керек» [1, 198], - дейді.

Халық фольклорында қалыптасқан теңеулер сол халықтың дүниетанымын, әдет-ғұрпын, тіл көркемдігінің дәрежесін, халықтың бейнелі ойлау жүйесін көрсетеді.

Ілияс Жансүгіров өз туындыларында ұлт санасында қалыптасқан теңеулерді жиі қолданады. Әсіресе, туған жер табиғатын, әр мезгілдің ерекшелігін суреттейтін туындыларындағы теңеулердің қолданысы ерекше. «Мезгіл суреттері» өлеңінде Жетісу өңірінің жазғы сұлу табиғатын былайша өрнектейді:

Жерің анау,  
Жасыл жолақ кілемдей,  
Желің мынау,  
Жігіт айтқан өлеңдей.  
Көңіл анау,  
Той қып жатқан ауылдай.  
Күнің мынау,  
Елжіреген енендей [2, 56].

Ақын жерін жасыл кілеммен, желін әнші жігіт сызылтып айтқан өлеңмен, көңілін тойлы ауылмен, күнін мейірім-шуағы төгілген ана мінезімен астастыра суреттеп, олардың арасындағы ортақ сипатты дәл тапқандай. Ал мына шумақта кең далаға қоңыр күз келіп, жер мен жел де, күн де жадыраған жазғы күндегі көркем келбетінен айрылып, күрең түске боялады:

Жерің анау,  
Шала илеген терідей,

Желің мынау,  
Дарымшының деміндей.  
Көлің анау,  
Насыбайлы түкірік.  
Күнің мынау,  
Ауылнайдың мөріндей [2, 57].

Күзгі даланы илеуі жетпеген теріге балап, күңгірт тартқан күн сұлбасын көк ала мөрге теңеуі ақынның туған жер табиғатын қазақы болмыспен түйсіне жырлаған шеберлігінің айғағы.

І.Жансүгіров поэзиясының «Әнші» өлеңіндегі теңеулер ән өнерінің қыр-сырын танытады. Әннің бірде шарықтап көкке өрлесе, енді бірде баяулап, қоңыр әуенге ұласатынын немесе мұңға толып күңіренетінін ақын теңеу арқылы былай жеткізеді:

Ән салсаң өзімдей сал аңыратып,  
Жайлантып, қоңырлатып, жамыратып.  
Аққудай аспандағы әнді өрлетіп,  
Қондырып қоңыр қаздай мамырлатып.  
Боздатып саулы інгендей күңіrentіп,  
Нөсердей нөпір төккен жауындатып,  
Қазандай қарсы соққан дауылдатып,  
Қамыстай дауыл жыққан сауылдатып [2, 150]

Ақынның әнді бірде өрлетсе, бірде мамырлатып құстардың ерекшелігіне қарай құбылта суреттеуі, күңіrentенген мұңлы әнді боздаған саулы інгеннің дауысына, арқыраған арынды әнді қалың нөсерге, күздің қара желіне, дауыл жыққан қамыстың сауылдаған үніне теңеуі оқырманның ойын кеңейтіп, әнші дауысын тыңдап отырғандай әсер қалдырады.

Ақын сатиралық элементтерді қазақы тұрмыспен бірлікте байланыстыра теңеулер жасап, тек қазақ ұғымына сыйымды образдар жүйесін жасаған. Мысалы:

Жүнін жұлған тайлақтай тазығыр шал,  
Жас тоқал жанында отыр қаққан қылмаң [2, 78]  
немесе  
Қойнына алып Қожағұл шал жататын,  
Сабадай боп күнге көннен қатырған

Бұл мысалдарда ақын шал бейнесін бірде жүнін жұлған тайлаққа баласа, енді бірде көннен қатырған сабаға теңейді. Ал бай ауылдың ауыздары астан босамайтын бәйбішелерін ақын бауырсаққа теңейді:

Бір үйде бәйбішелер бауырсақтай,  
Ауызы еттен, майдан дамыл таппай.  
Сүртініп сорпа терін жеңіменен,  
Ұзын күн істеп отыр қарнын қаптай [2, 286].

Сұлу қыздың сыртқы келбетін бейнелеуде ақын ауыз әдебиетіндегі көріктеу тәсілдерін қолданады. «Исатай» поэмасынан:

Қыз тұлғасын қарасаң –  
Жайықтың боз талындай.  
Бет ажарын қарасаң –  
Жазғы түскен сағымдай.  
Қыз ажарын қарасаң –  
Еділ, Жайық таңындай [2, 350].-

деп келетін халық эпосына ұқсас жолдарды ұштастырамыз. Енді бірде ақын

Бейне біткен қайындай,  
Білегі мінсіз балғынның,  
Ақша төсі айдындай,  
Шашы сенің шалғының [2, 92],-

деп қыздың тал бойын қайыңға, ақша төсін айдынға теңейді.

Қымыздай балға ашытқан тәтті қызға,  
Жігіттер, бәріңіз де сұқтанарсыз [2, 230]

деген жолдардағы қызға айтылған теңеу өзіне оның сөзі тәтті, мінезі жұмсақ, жүзі жылы сынды көп мағынаны сыйғызады.

І.Жансүгіров шығармаларындағы түз тағыларының атаулары адам бойындағы белгілі бір қасиетті теңеп, салыстырып айтуда жиі жұмсалады. Мысалы, ақынның «Құлагер» поэмасында балуандар бәйгесін жариялап жүрген жаршының сөзінде:

Арыстандай айбынды ер,  
Жолбарыстай жуан ер.  
Ертістің бойын сіліккен ер,  
Еділдің бойы уріккен ер...  
Аюбайдың асында,  
Онда он алты жасында,  
Атан жыққан алыпты  
Абжыландай жұтқан ер [2, 309].

Күреске түсер балуандардың бітім-болмысы, ерлігі арыстанның айбынына, жолбарыстың жуандығына, абжыланның жұтқыштығына теңеледі. Ақын поэзиясында жоғарыда келтіргендей үлкен суреткерлік шеберлікті танытатын теңеудің келісті үлгілері аз кездеспейді.

Ақын халықтық теңеулерді өзінше өңдеп, жетілдіріп, табиғат көріністерін, кейіпкер портретін жасауда да ұтымды пайдаланған. «Игілік» өлеңін эпитеттер арқылы жасалған сұлу қыздың портреті деуге болады:

Екі ұрты, екі жағы алмадай боп,  
Бітімі бейне гүлді алма ағашы.  
Ақ саусақ, ажымы жоқ, буыны жоқ,  
Жылтырап тырнақтары тап-тазасы.  
Тік иық, жазық жауырын, аққу мойын,  
Толкытып қос құлақты әм сырғасы.  
Қайрақтай төсі жайдақ, шынтағы етті,  
Жазылып бейне мамық қабырғасы,  
Тар мықын, орта бойлы, тұзу аяқ,  
Бұралып тал шыбықтай белдің ашы,  
Қолданып әдеп, үлгі жанды ерітіп,  
Ақыл сөз, ақырын күлкі шын мирасы [2, 23].

«Тұңғыш тоғысу» өлеңінде кәрілік жеңіп, кескін-келбеті солғын тартқан, тістері түсіп, аузы опырайған байдың бәйбішесі мен үлде мен бұлдеге оранған тоқалының бейнесі Илиястың

көркемдік құралдарды ұтымды пайдаланып, ұлт санасына сіңімді жасайтындығының тағы бір куәсі дер едік.

Байсалды бәйбіше отыр бөстегінде,  
Екі айна айналыпты төстегі інге.  
Секілді күйген тері беті бопты,  
Итиген иек, ауыз түскен көрдей.  
Түсіпті опырайып ішкеріге,  
Моладай жауын шайған мұрын қапты [2, 78]  
деген жолдардан бәйбішені танысақ,  
Қара көз, қаймақ ерін, қасы жатық.  
Қайрақтай қара жайдақ, қаймақ қаққан,  
Қайқы төс жатағандау, тілі тақ-тұқ...  
Самсулы саусақтары сақинадан,  
Омырау, ілгек, түйме, маржан, ақық [2, 78],-

деп келетін жолдар, анық, жас тоқалдың бейнесін көз алдымызға келтіреді. «Исатай» поэмасындағы халық эпостарының үлгісінде күрделі эпитеттер мен теңеулерден жасалған қыз бейнесі де ақынның портрет жасаудың асқан шебері екенін байқатады:

Екі көзін қарасаң –  
Нұр шырақтың шамындай.  
Қыз тұлғасын қарасаң –  
Айдынды елдің туындай.  
Айтқан сөздің шербеті –  
Абылхаят суындай.  
Өзілінің ләззаты –  
Аққұйрық шай буындай.  
Ақылының шалымы –  
Айдынды елдің туындай [2, 350].

Поэзияда әр дәуірдің суреткері өзінше қолтаңба қалдырады. Осы салада соны соқпақ салған ақынның бірі – І.Жансүгіров поэзиясындағы теңеулер қолданысынан дәстүр жалғастығын көреміз. Ақын бұрыннан халық поэзиясында бар көріктеу құралдарын пайдалана отырып, өз тарапынан жаңаларын да жасаған. Жүректің қылын шертетін Илияс поэзиясы оның асқақ ақындық талант-дарының, сырлы да сезімді суреткер екендігін көрсетеді. Бұған ақынның жырға арқау болған нәрсені бейнелі жеткізуіндегі, ұқсастықты дәл таба білуіндегі асқан шеберлігі куә.

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. – Алматы: Ана тілі, 1996

2. І.Жансүгіров. Құлагер. – Алматы: Атамұра, 2003

3. З.Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002

\* \* \*

В этой статье анализируются художественные особенности поэзии Илияса Жансугурова, связанные с народными традициями.

\* \* \*

In this article the artistic peculiarity of national traditions in Ilyas Zhansugirov's poetry will be observed.